

3. Борисов И. Б. Обработка дерева. Серия «Учебный курс». Ростов-на-Дону: «Феникс», 1999.

4. Виноградов А. Н., Савченко В. А. Художественная обработка дерева. – Ростов-на-Дону: «Феникс», 2004

## **8 СЫНЫП ФИЗИКА КУРСЫН ОҚЫТУДА СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ**

*Авторы: Әбдуәли Ә.Қ., «Физика» мамандығының 4 курс студенті*

*Ғылыми жетекшісі: А.Г.Касымова, ф-м.ғ.к, доценті*

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті*

Қазіргі кезде білім беру қоғам дамуының ең маңызды мәселесі екендігі белгілі. Бүгінгі білім берудің негізгі мақсаты – өз Отанын сүйетін, жан-жақты дамыған, өмірге деген қызығушылығы мол, ой-тұлғасы биік, адамгершілігі зор, білімді, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. «Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзі бекер айтылған жоқ [1].

Әрбір мемлекеттің өсіп-өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты себепшісі ұстаздың беретін білімі. Сондықтан да дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келетін кез келген мемлекет, ең алдымен, білім беру саласын жолға қойып, сапасын көтеруді мақсат етеді. Ендеше осындай бәсекеге қабілетті, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу жаңа формация мұғалімінің еншісіне тиері анық.

Мұғалімнің мақсаты – білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, сапалы білім беру болса, ал қазіргі заман талабына сай білім берудің жолы – тиімді педагогикалық технологияны басшылыққа алып, тың идеялар табу. Қазақстан мемлекеті өз тәуелсіздігін алып, демократиялы қоғам құруға бет алғалы қоғамдағы өзгерістер білім беру саласына да өз оң әсерін тигізіп жатыр. Білім беру үрдісінде ұстаз да, шәкіртте жеке тұлға болып қарастырылатын болды. Жеке тұлғаға жету үшін ұстаз әр оқушының қабілетін танып біліп, дамытып, шындап, жөн сілтеп, өзіне сенімді тұлға дәрежесіне келтіру керек. Демек, оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, білім сапасын арттыру, мазмұнын байыту, оқу үрдісін жетілдіру, жан-жақты дамыған, рухани дүниесі бай жас ұрпақты тәрбиелеу – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Бұның өзі оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауы, дамуы, тәрбиеленуі, әр баланың қабілетін, дарынын ашу мұғалімдер қауымына зор міндеттер жүктейді. Сондықтан біздер, болашақ ұстаздар жаңа технологияларға көп көңіл бөлуіміз керек.

Бүгінгі мектеп алдындағы басты міндеттердің бірі – физика сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын басшылыққа ала отыра, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға жағдай жасау. Физика сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану арқылы оқушыларға сапалы білім беріп, олардың

шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға, физика пәніне деген қызығушылығын арттыруға болады.

Зерттеудің мақсаты: 8-сынып физикасын оқытуда сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегияларын қолданудың тиімділігін негіздеу.

Осы мақсат негізінде оның басты міндеттері айқындалады:

- Сын тұрғысынан ойлау технологиясымен танысу;
- Сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегияларымен танысу;
- 8-сынып физика сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану.

*Зерттеудің маңыздылығы:* біз сабақ барысында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдана отырып, оқушыларды бәсекеге қабілетті, өз ойын ашық айта алатын тұлға ретінде қалыптастыра аламыз.

*Зерттеу нысаны:* сын тұрғысынан ойлау технологиясын орта мектеп физика курсы оқытуда қолдану.

Біздің ойымызша тек қана есте сақтау сын тұрғысынан ойлауға жатпайды. Есте сақтау – негізгі ой операциясы болып табылады және онсыз оқу процесі орындалмайды, бірақ оның сын тұрғысынан айырмашылығы бар. Мысалы, компьютерлерді алайық, оның есте сақтауы есте сақтауы ең мықты адамнан қанша есе артық болады. Бірақ біз оның есте сақтауын ойлауға жатқызбаймыз. Расында көптеген мұғалімдер дәстүрлі оқыту бойынша есте сақтауды ойлаудан маңызды деп ойлап, бақылау жұмыстары мен емтихандарда оқушылардың есте сақтау көлемін тексереді. Бірақ біздер, сын тұрғысынан ойлаудың жақтастары ойлау іс-әрекетінің күрделі түрлеріне көбірек мән береміз.

*Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мақсаты:* оқушыларды кез-келген мазмұнға сын тұрғыдан қарауды үйрету және оны саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету.

Жалпы физика – күрделі пән. Оны жаттап алу мүмкін емес, түсініп оқуды қажет етеді. Егер физика сабағына деген оқушының қызығушылығы болмаса, мұғалім не істеуі керек? Міне, осындай әр түрлі ойлардан кейін бала жүрегіне жол тауып, білімге жетелеу үшін мұғалім оқушыларды қызықтыратындай әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы тиіс. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасып, шығармашылық ойының дамуына маңызы зор. Жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Білім берудің қазіргі жаңа құрылымы мен оқу-әдістемелік мазмұнының өзгеруі – мұғалімнің өз кәсіби шеберліктерін шыңдауын, жаңаруын талап етеді десек, ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау болып табылады [2].

Егер бұрын мұғалім ақпаратты оқушыға дайын күйінде беріп, ал оқушы тыңдап, мұғалімнің айтқанын қайталап айтып беретін болса, қазіргі кездегі білім беру әдістері мұғалімді оқу іс-әрекетін дұрыс жеткізуге бағыттаушы, нұсқаушы етіп, оқушыны өз бетімен әрекет етуге бейімдейді. Сол әдістердің бірі – сын тұрғысынан ойлау. Бұл технология оқушыларға қалай оқу керектігін үйрете отырып, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін жеткізе

алатын, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған білікті тұлға қалыптастыруды мақсат етеді.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаттар орындалуы қажет:

- 1) сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;
- 2) оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;
- 3) әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- 4) үйрену барысындағы оқушылардың белсендііс-әрекетін қолдау;
- 5) оқушылардың жасаған қателіктеріне түсіністікпен қарап, оларды түзетуге бағыт-бағдар беру;
- 6) оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;
- 7) сын тұрғысынан ойлауды бағалау [3].

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытуда сабақтар тізбегінде пайдаланған суреттерді көрсете отырып, проблемалық сұрақ қою әдісі оқушыларды сындарлы ойлауға, өз білімін қажетті жерде тиімді пайдалана алуға, күмән мен болжамдар келтіріп, оларды дәлелдей алуға үйретеді. Оқушылардың сабақ барысында алған ақпаратты ой елегінен өткізуге, өзара талқылауға, ортақ бір шешімге келуге және өзгелерге дәлелді жеткізуге үйретуде флипчарт құрғызу – тамаша тәсіл. Мысалы, «Металдардағы электр тогы» тақырыбында жаңа сабақты слайд арқылы, сол сабаққа байланысты кристалдық тордың, электрондардың, тәжірибе құралдарының суреттерін көрсету арқылы ашу. Оқушылардан «не байқадық?», «неге байланысты металдарда электр тогы пайда болады?» сынды проблемалық сұрақтар қойылады. Оқушылар сұраққа әрқайсысы өз пікірін айтып, ойларын толық жеткізуге тырысады. Бұл олардың алынған ақпаратты сұрыптап, сыни тұрғыдан ойлап, жауап беруге ұмтылдырады.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамытудағы тиімді әдістердің бірі – диалогтік оқыту. Диалог барысында балаларға баламалы мүмкіндіктер беріліп, басқа адамның көзқарасын өзінің тұжырымдамалық түсінігін тереңдетіп, дамуын ынталандыратын әдістермен қарастыру ұсынылады. Ал пікірталас тудыратын сұрақтар қою арқылы зерттеушілік әңгіме жүргізуге болады. Зерттеушілік әңгіме ұсыныстар жайында күмән туып, қарсы дау айтылып, негізделген дәлел мен сыни тұрғыдан ойлау арқылы жалғасады. Пікірталас барысында өзара бір-бірінің пікірлерін тыңдауды, өзгенің ойымен санасуды, өз ойын дәлелдеуді үйренеді, өзгенің ойының құнды екенін түсініп, сыйлауды үйренеді, бір сөзбен айтқанда сыни ойлауға дағдыланады.[4]

Сыни ойлауға үйретудегі әдістердің бірі – оқушыларды өз-өзіне есеп беруге, яғни рефлексия жазуға үйрету. Тәжірибе кезінде сабақтың соңында оқушыларға «бүгін не үйрендім? Тағы не туралы білгім келеді?» деген сұрақтар төңірегінде өз ойларын стикерге жазып, қалдырып отырады. Осының нәтижесінде оқушылар өз әрекеттерін сарапқа салып, ой елегінен өткізіп, өз-өзіне есеп беруді үйренеді, алдағы уақытта білгілері келетін ақпараттар туралы жазып отырады. Бұл мұғалім үшін де көмек болады. Өйткені оқушылардың жазбаларын қарап, мұғалім келесі сабақтарды жоспарлайды.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдана отырып өткізген сабақтың оқушыға берері мол, нәтижесі өте жоғары. Себебі оқушылардың барлығы дерлік сабаққа қатысады, өздерінің ойын еркін айтады, бірін-бірі тыңдайды, салыстырады, сол сабақтан өзінше бір түйін жасап, өз бетінше білім алады. Ал тәрбиелік жағына келер болсақ, оқушылар ұйымшылдыққа, тез шешім тауып, тығырықтан шығуға, өзіне баға беруге ұмтылады, үйренеді.

Сонымен, сын тұрғысынан ойлау технологиясының маңызы:

- шығармашылық ойлауды, сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
- рухани дүниесін байыту ;
- оқырмандығын күшейту;
- ауызша – жазбаша тіл мәдениетін дамыту;
- ойлау, елестетеалу қаблетін қалыптастыру;
- көзқарасын тереңдету;
- өзінше бағалап, ой түйуге баулу;
- ойын жеткізеалу, ой түйюге баулу;
- танымдық оқуауқымын кеңейту;
- шығармашылық ізденісіне жол ашу.[5]

Мұндай технологияларды қолдану – сабақты қолайлы ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының сабаққа деген қызығушылығы артады, екіншіден тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы арта түспек деп ойлаймын.

Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді пайдалану қазіргі заман талабы. Нағыз өз ісінің шебері болатындар ғана жоғары жетістіктерге ие бола алады. Ал білікті маман болу үшін көп ізденіс, тың идеялар қажет. Әр оқушының жүрегіне жол тауып, оларды білімге қызықтыру – біздің ең басты міндетіміз.

Білім беру кезінде бала білім алады, санасезімі өседі, жақсы әдет-ғұрыпқа, мәдениетке, әдептілікке, үлкен-кішіні сыйлауға үйренеді. Сабақтың қызық өтуіне көптеген факторлар әсеретеді. Ең қажеттісі, мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі. Сол үшін мұғалімге қажет негізгі қасиет – өзісін сүюі және балаларды сүюі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Президент Н.Ә.Назарбаевтің Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2004 ж., 19 наурыз.
2. Физика және астрономия журналы. №6, 2010 ж.
3. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы, 2000 ж. – 157 б.
4. Б.Е. Акитай. Физиканы оқыту теориясы және әдістемелік негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006 ж. – 280 б.
5. Физика және астрономия: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық/ Б.М. Дүйсембаев, Г.З. Байжасарова, А.А. Медетбекова. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2004. – 256 б.